

**"Курчатов қаласының аумағында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу туралы" әкімдіктің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 627 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 806 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 03 қарашада N 5-3-109 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 1002 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2012.03.30 N 1002 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 08 шілдедегі Заңының 19-бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Курчатов қаласының аумағында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу туралы» әкімдіктің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 627 қаулысына (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылдың 19 сәуірінде 5-3

-104 нөмірімен тіркелген, «7 дней» газетінде 2011 жылдың 28 сәуірдегі 17(819) нөмірінде жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

1-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда  
м а з м ұ н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласы әкімінің орынбасары Е.В. Старенковаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қаласының әкімі*

*А. ГЕНРИХ*

К Е Л І С І Л Д І :

*«Курчатов қаласының қалалық  
ауруханасы» коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық*

*кәсіпорынның бас дәрігері*

*А. СҰЛТАНОВ*

Курчатов қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 29 қыркүйектегі

№ 806 қаулысына қосымша

**Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру үшін шақыру комиссияның құрамы**

Комиссия төрағасы:	Рахимов Наиль Амирұлы – Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
Төрағаның орынбасары:	Старенкова Елена Васильевна – Курчатов қаласының әкім орынбасары
Комиссия мүшелері:	Тәшімбетов Жүсіп Мейірбекұлы – Курчатов қаласы полиция бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша) Байзақова Гүлнар Серікқызы – «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның дәрігер – терапевті (келісім бойынша)
Комиссия хатшысы:	Маралова Қарлығаш Амангелдіқызы – «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның мейірбикесі (келісім бойынша)

